

и его компоненты в вооруженных конфликтах и террористических акциях.

В целом, химическая безопасность, представляя сложную проблему, состоящую из множества разноуровневых элементов с многочисленными и многофакторными связями, должна решаться в рамках государственного регулирования с учетом всех составляющих системы химической безопасности и рассматриваться как неотъемлемая часть национальной безопасности, основы обеспечения устойчивого функционирования и развития государства. К сожалению, в Республике Казахстан отсутствует легальное определение химической безопасности. Экологический кодекс Республики Казахстан носит лишь упоминание об экологических требованиях при производстве и использовании потенциально опасных химических веществ. По нашему мнению под химической безопасностью следует понимать, состояние защищенности жизненно важных интересов, прав личности, общества и государства, от угроз возникающих в результате химического заражения, загрязнения окружающей природной среды опасными химическими веществами. Угрозами химической безопасности Республики Казахстан являются: химическое заражение или химические поражения людей, загрязнения окружающей природной среды опасными химическими веществами, возникновение химической аварии и иные чрезвычайные ситуации техногенного характера. Субъектами химической безопасности являются государство, юридические и физические лица, неправительственные организации и объединения, а также иные лица, заинтересованные в защите своих экологических прав и интересов.

1. Прохоров Б.Б. Экология человека. - М.: Изд-во МНЭПУ, 2000. - 364 с., Матрюков Б.С. Безопасность в чрезвычайных ситуациях: Учебник - М.: Изд. центр 'Академия', 2004. 336с.

2. Бейсеков С.С. Функция обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан на рубеже третьего тысячелетия новой эры человечества // Вестник КазГУ. Сер. Юридическая. - 2002. - №3 - С. 78-82., Безопасность Евразии - 2002 / Под ред. В.Н. Кузнецова. - М: Книга и бизнес, 2003. 540с.

3. Мугулов Ф.К. Безопасность личности: теоретические и прикладные аспекты социологического анализа. Монография - Сочи: РИО СИМБиП, 2003. - 243с.

4. Закон Республики Казахстан №233-І «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 26 июня 1998года / Справочная система Юрист.

5. Прохоров Б.Б. Экология человека. - М.: Изд-во МНЭПУ, 2000. - 364 с. Безопасность Евразии - 2002 / Под ред. В.Н. Кузнецова. - М: Книга и бизнес, 2003. 540с.

6. Безопасность в чрезвычайных ситуациях: Учебник - М.: Изд. центр «Академия», 2004. - 336 с.

7. Махутов Н.А., Грацианский Е.В. Научные проблемы безопасности на рубеже веков // Проблемы безопасности при ЧС - 2000. - №1. - С.9-13.8. Роева Н.Н. Экология и безопасность жизнедеятельности. М., 2000. - 128 с.

9. Закон Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года / Справочная система Юрист.

10. Закон Республики Казахстан «О безопасности химической продукции» от 21 июля 2007 года / Справочная система Юрист.

In this article the author gives concept of chemical safety and opens its maintenance. Also the parity of ecological safety and chemical safety as conditions of maintenance of a sustainable development of Republic Kazakhstan is defined

Осы мақалада химиялық қауіпсіздіктің түсінігі және мазмұнын автор толық көлемде ашып көрсетеді. Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік және химиялық қауіпсіздіктің арақатынасының даму шарттарын қамтамасыз ету.

М.М. Иманбекова

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жер бетіндегі экологиялық жағдайдың өзгеруі, әсіресе, ғылыми-техникалық прогреспен тікелей байланысты екені рас. Соның нәтижесінде табиғат байлықтарын адамның шексіз пайдалануы жанартаулардың атқылауы, дауылдар, жер сілкіністері сияқты табиғи құбылыстардың нәтижелерімен тепе-тең, қазіргі заманда тіпті, одан асып түсетіндей жағдайға жетті. Өнеркәсіптің дамуы қазба байлықтарды игеруді арттырды. Соның кесірінен ауа, су көздері, топырақ ластанды. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі зиян шекті. Сонымен қатар, жер бетіндегі демографиялық жағдайдың күрт өзгерістерге ұшырауы, яғни халық санының тез өсуі табиғатқа деген тұтынысты одан әрі күшейтті. Бұның барлығы табиғатқа үлкен зиян тигізеді. Аталған зияндарды алдын алудың бірден-бір жолы қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың қажетті элементі - экологиялық бақылауды күшейту болып табылады. Басқарудың бұл қызметі бұдан көп уақыт бұрын қалыптасқан болатын. Заң әдебиетінде экологиялық бақылауды ұйымдастыру, жүргізу шарттары мен тәртібі жеткілікті толық жазылды, бірақ ол бұрын болған экономикалық жүйеге сәйкес келген еді [1].

Сонымен бірге, жаңа нарықтық қатынастары экологиялық бақылаудың мәні ұғымына елеулі өзгерістер енгізді, сондықтан аталған еңбектерді талдау мүмкін болып отыр. Мысалы, В.В.Петровтың пікірі бойынша, экологиялық бақылау дегеніміз тұтастай алғанда "кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, яғни барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың қоршаған ортаны қорғау және қоғамның да экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі экологиялық талаптарды сақтауын тексеру" [2]. Профессор Н.Б.Мұхитдиновтың пікірін талдай келіп, біз мемлекеттің қоғамдағы ықпалының шектелуі туралы ойға тап боламыз. "Мемлекет — деп есептейді ол — табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мұның қалыптасқан материалдық жағдайларда бұл байлықтарды ұтымды, кешенді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету үшін қаншалықты қажет болса, өзіне соншалықты құқықтарды алуына болады" [3].

Экологиялық бақылаудың өзінің түрлері мен нысандары болады:

Қолданыстағы заңға сәйкес экологиялық бақылау мыналарға бөлінеді:

- 1) мемлекеттік бақылау;
- 2) ведомстволық бақылау;
- 3) өндірістік бақылау;
- 4) қоғамдық бақылау;

Мемлекеттік бақылау арнайы уәкілетті органдардың қызметі болып табылады, ол қандай да бір ведомстволық мүдделерге тәуелді болмайды және белгілі бір заңдылыққа ие болады. Оны жүзеге асыру Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктеледі. Экологиялық бақылаудың объектілері ретінде мыналар қатысады: шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалымен қоршаған ортаның және оның жекелеген объектілері өзгерулерінің жай-күйі мен деңгейі; экологиялық заңды сақтау; табиғат қорғау шараларын, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманың нұсқамаларын орындау жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметі; қоршаған ортаны қорғау, арнайы табиғат пайдалануға жасалған шарттарда (келісім - шарттарда), лицензияларда көзделген шарттарды орындау. Объектілерге байланысты экологиялық бақылаудың нысандарын ажыратады: барлық қоршаған ортаны қамтитын тығыз ұштасқан бақылау, объектілер тобы мен кешендерді қорғаумен байланысты кешенді бақылау, табиғаттың жекелеген объектілерін қорғауға бағытталған жіктеп саралап бақылау [4].

Сондай-ақ экологиялық бақылаудың заңда баянды етілген хабарламалық, алдын - ала ескерту, ағымдағы, жазалау нысандары болып ажыратылады. Хабарламалық бақылау алдын - ала ескерту не жазалау шараларын қабылдау мақсатында оны тиісті органдарға беру үшін қажетті экологиялық хабарламаны жинаудан және жинақтаудан көрінеді. Алдын - ала ескерту және ағымдағы бақылауды жүзеге асыру кезінде ықтимал зиянды зардаптарды болдырмау жөнінде қажетті шаралар қабылданады, олар экологиялық заңды бұзу, табиғат қорғау шараларын орындамау салдарынан туындауы мүмкін. Қоршаған ортаға зиян келтіруге, экологиялық заңды бұзуға кінәлі адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану бақылаудың жазалау нысанының мазмұны немесе экологиялық бақылаудың дербес ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылады [5]. Бақылаудың барлық аталған нысандары өзара тығыз байланысты болады және бірін-бірі өзара толықтырады. Хабарламалық және ағымдағы бақылаудан өзгеше бақылаудың жазалау нысанын тек арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Экологиялық бақылау сипаттамасындағы елеулі элемент оның әдісі болып табылады. Экологиялық бақылау әдістерінің ұғымы заң әдебиетінде қабылданған қоғамдық қатынастарға қатысушыларға ықпал ету тәсілдерінің анықтамасына сай келеді. Әдістердің көмегімен практикада тиісті бақылаушы инспекциялардың қызметін іске асыру жүзеге асырылады. Экологиялық бақылаудың әдістеріне мыналарды жатқызу керек:

- қоршаған ортаның және жекелеген табиғат объектілерінің сапалық жай-күйін байқау;
- экологиялық және санитарлық органдардың нұсқамаларын орындауды тексеру;
- экологиялық заңның нормалары мен талаптарын сақтауды тексеру;
- экологиялық жағынан зиянды өндірістерді шектеу, тоқтата тұру, тоқтату;
- кінәлі адамдарды жауапқа тарту.

Ведомстволық және өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру қоршаған ортаны қорғауды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің елеулі шарты болып табылады, сонымен бірге, сөз жоқ, бұл мәселе жеке зерделеудің нысаны болып табылады.

Қазіргі министрліктер, акционерлік қоғамдар, жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар табиғи ресурстарды пайдалануды бақылауды өздерінің өкілеттіктері шегінде жүзеге асыруға міндетті.

Ведомстволық және өндірістік экологиялық бақылаудың нысандары мен әдістерінің ауқымы мемлекеттік ведомствоның үстінен жасалатын бақылауға қарағанда елеулі түрде тар. Ведомстволық және өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырудың міндеттері мен мақсаттарын да мемлекет анықтайды. Атап айтқанда, арнайы уәкілетті мемлекеттік орган ведомстволық және өндірістік

экологиялық бақылауды қандай өлшемдермен, қандай тәсілдермен және әдістермен жүзеге асыратын болады, ведомстволық және өндірістік қызметтердің есеп берулері нысаны қандай болуға тиіс.

Ведомстволық бақылаудың айрықша белгісі оның қолданылу саласы ведомствоға қарасты объектілерге ғана қолданылатындығында, нұсқаулары лауазымды адамдар мен уәкілетті объектілердің қызметкерлерінің атқаруы үшін міндетті болатындығында деу керек. Өндірістік экологиялық бақылау жеке өндірістің немесе кәсіпорынның шегінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспарлар мен шаралардың орындалуын қамтамасыз етуді өзінің міндеті етіп алға қояды. Бақылаудың бұл түрі, егер кәсіпорынның қызметі қоршаған ортаға және оның жекелеген компоненттеріне зиянды ықпал еткен жағдайда жүргізіледі. Қоғамдық бақылау жұртшылықтың табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану ісіне қатысуы нысандарының бірі болып табылады. Оның мақсаты - мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қоршаған ортаға және оның жеке объектілеріне зиянды ықпалдарының алдын алу мен анықтауға жәрдемдесу.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруды бақылау мен құқық қолдану функцияларын жүзеге асыру кезінде қосарланушылықты болдырмау және мұндай қызмет процесінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау тетігін құру жолымен мемлекеттік бақылау органдарын күшейтуді көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары инспекциялар өткізумен немесе құқық қолдану іс-қимылдарын жүзеге асырумен байланысты кез келген мәселелерге қатысты тәуелсіз және әділ шешімдер қабылдау үшін барлық өкілеттіктерге ие болуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту:

- құқық қолданудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды ынталандырудың тиімді жүйесінің негізгі сипаттамасын табуға мемлекеттік органдарға көмектесетін және ұзақ мерзімді перспективада қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында мемлекеттік бақылау органдарының институционалдық реформасын жүргізуге ықпал ететін модельді құруға;
- мемлекеттік органдарды, өнеркәсіп кәсіпорындарын, үкіметтік емес ұйымдарды және қалың жұртшылықты қоса алғанда, экологиялық заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке барлық қатысушылардың арасындағы ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға жәрдемдесуге;
- экологиялық менеджмент жүйесінің маңызды құралы ретінде өндірістік бақылауды міндетті жүзеге асыруға;
- табиғат қорғау іс-шараларының орындалуына қызметтің барлық деңгейіндегі жауапкершілікті нақты айқындауға;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер беруге бағытталуы тиіс [6].

Әлемнің дамыған елдерінде қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалау негізінде кешенді жүзеге асырылады. Бұл қағидаттың бір құқықтық көрінісі әлемнің көптеген елдерінің экологиялық заңнамасына енгізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау тәртібі болып табылады. Осындай елдер қатарына Қазақстан Республикасы да кіреді. Қазақстанда, әдетте, ТМД-ның басқа елдеріндегідей, қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалаумен қатар, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптамамен ажырағысыз болатын қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) шаруашылық қызметті алдын - ала экологиялық бақылаудың тетігі болып табылады. Қоршаған ортаны превентивтік қорғау немесе қоршаған табиғи ортаға теріс антропогендік әсердің алдын алу қағидаты әлемнің көптеген елдерінде кең қолдау тапқан.

Бұл орайда өңірдегі экологиялық ахуалды, қоршаған ортаның жай-күйін ескере отырып, ластаушы заттар эмиссиясының рұқсат етілген көлемдерін ғылыми негіздеу, табиғат пайдаланудың ерекше жағдайларын белгілеу қамтамасыз етіледі. Қоршаған ортаның ластануын нормалау халықтың денсаулығына және қоршаған ортаның жай-күйіне зиянды әсер етудің салдарларын барынша ескере отырып жүргізіледі, сондай-ақ жоспарланатын қызметтің әлеуметтік-экономикалық салдары да ескеріледі. Сонымен қорыта келгенде, табиғи ресурстарды басқарудың тиімділігі мен сапасын сақтау - мемлекеттің және оның атқарушы органдарының істейтін шараларына байланысты болады. Қазіргі таңда ешкім де табиғат қорларын пайдалануды тоқтатуды ойламайды да, онсыз адамзат тіршілігі мүмкін де емес. Бірақ мұның бәрі табиғатқа зиянсыз болудың шараларын ескеру қажет. Сондықтан, табиғи ресурстарды тиімді түрде пайдалану мен басқару үшін мемлекет экономикалық жағдайды басқара отырып, өзіне қажетті құқықтарды иеленеді. Табиғи ресурстарды басқару органдары мемлекет атынан табиғи байлықтарды игеру үшін жоспарлау мен қаржыландыруды ұйымдастырады, олардың пайдалану қарқыны мен мерзімін анықтайды. Мемлекет даму болашағы жоқ, табиғат байлықтарын дұрыс пайдалана алмайтын кен орындарына табиғат объектілерін пайдалануына тыйым

сала алады. Еліміздің табиғи байлықтарын болашақ ұрпақтың еншісіне аман-есен жеткізу – бүгінгі біздің басты парызымыз. Сондықтан, адамзат табиғатқа оның жағдайын нашарлату арқылы ғана әсер етпеуі керек. Ал, ол үшін қоршаған ортаны қорғаудағы мемлекеттік бақылау функциясын күшейту қажет.

1. Д.Л.Байділдинов Қазақстан Республикасының экология құқығы. Алматы, “Интерлигал”, 2005, 128-б.
2. В.В.Петров. "Ресейдің экологиялық құқығы. ЖОО арналған оқулық. М., 1995, 239-б.
3. А.Е.Еренов., Н.Б.Мұхитдинов., Л. В. Ильященко. Табиғатты ұтымды пайдалануды құқықтық қамтамсыз ету. Алматы, 1985, 51-52-бб.
4. Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексі» 2007 жыл, 9 қаңтар.
5. А.П.Асылбеков. Қазақстан Республикасында экологиялық бақылауды құқықтық реттеудің проблемалары. Канд. дисс. автореф., Алматы, 1998, 11-б.
6. Ә.Стамқұлұлы. Қазақстан Республикасының экология құқығы. Алматы, “Жеті жарғы”, 1995, 168-б.

In this article author presents ecology condition in Republic of Kazakhstan state control bases, types and methods of it's improvement

В данной статье автор рассматривает состояние экологии в Республике Казахстан и правовые основы государственного контроля его виды, формы и методы улучшения.

А.М. Жүсіпбеков

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Орнықты даму Концепциясы 1984 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысының бастамасы бойынша қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі Халықаралық комиссиямен БҰҰ-ң екінші Стокгольмдық (1972 жыл) Конференциясынан кейін даярланған болатын. Комиссия міндеті 2000 жылға дейінгі және одан арғы мерзімге арналған қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұзақ мерзімді стратегия ұсыныстарын; әлемдік қоғамдастықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің тиімді шешімін табуға болатын әдістер мен құралдарды жасау болды. Орнықты даму жөніндегі ойлар «Біздің ортақ болашақ» атты 1987 жылы БҰҰ-ң Бас Ассамблеясына ұсынылған қоршаған ортаны қорғау мен даму жөніндегі Халықаралық комиссия Баяндамасында көрініс тапқан.

Орнықты даму моделі өзінің нормативті көрінісін 1992 жылғы Рио-де-Жанейродағы БҰҰ-ң қоршаған орта мен даму туралы Конференцияда, «Қоршаған орта мен даму жөніндегі Декларация және ғаламдық масштабтағы кейінгі әрекеттердің ұзақ мерзімді бағдарламасы» («XXI ғасырға арналған бүгінгі күн Жолдамасы») деген атпен тапты. Қоршаған орта мен даму жөніндегі Декларацияда қазіргі кезеңдегі әлемдік қоғамдастық пен мемлекеттерге арналған дұрыс әрекет етудің негізгі қағидалары орын алған. Құжат осындай 27 қағидадан тұрады. Олардың көбісі толығымен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына қатысты. Орнықты даму мәселелері Рио Декларациясының бірқатар қағидаларында бекітілген. Мысалға үшінші қағидаға сәйкес, *дамуға деген құқық бүгінгі және келешек ұрпақтың дамуы мен қоршаған ортаға қатысты қажеттері әділ ескеріле отырылып жүзеге асырылуы тиіс*. Төртінші қағидада былай делінген: *«Орнықты даму жүзеге асуы үшін қоршаған ортаны қорғау даму процесінің тұтас бір бөлігін құрауы тиіс және одан бөлек алып қаралына алмайды»*. Орнықты дамуға және барлық адамдардың жоғарылау өмір сүру сапасына қол жеткізу үшін, *өндіріс пен тұтынудың өміршең емес моделін мемлекеттер қысқартып және көзін жойып, сондай-ақ тиесілі демографиялық саясат жүргізіп отырғандары жөн* (8-қағида).[3]

Сондай-ақ мемлекеттердің орнықты дамуына байланысты мақсаттар осы құжаттың тоғызыншы қағидасында көрініс тапқан: *«ғылыми технологиялық білімдермен алмасу жолымен ғылыми негізде өзара түсіністікті ұлғайту арқасында сонымен қатар технологияны, оның ішінде жаңа мен жаңартылған технологияны дамыту, үйрену, тарату және онымен өзара бөлісуді күшейту арқасында орнықты дамудың іштей толығу дүниесін нығайту үшін мемлекеттер ынтымақтасуы қажет»*. Экологиялық проблемалар мен экономикалық өрлеудің шешімі туралы кешенді бағыт мәселелері «Біздің ортақ болашақ» Баяндамасының 1-қосымшасында көрініс тапқан қоршаған ортаны қорғау мен дамудың құқықтық қағидалар жинағында аталып өткен. Жетінші қағидаға сәйкес *«мемлекеттер даму саласындағы қызметті жоспарлау мен жүзеге асырудың ажырағысыз бөлігі болып табылатын қоршаған ортаны сақтап қалу жағдайларымен қамтамасыз етеді»*. [3]

Жоғарыда аталып өтілген қағидалар қоршаған ортаны қорғау саласына да, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясына да қатысты болып табылады. Олар халықаралық деңгейде танымал бола тұрып, халықаралық құқықтың жалпы мойындалған нормалары ретінде құқықтық жағы бойынша үлкен маңызға ие. Сондай-ақ ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес олар Қазақстан